

егемен

АҒАБАСТАН


Біздің балалық, одан кейінгі жастық шағымыздың ұмытылмас жылдарында жастардың өдебиетке деген ықыласы ерекше болатын. Бүгін баланы да, үлкенді де арбап алған көгілдір экран ол кезде жоқ. “Лениншіл жас” — республиканың әр түкпірінде қолдан қолға түспейтін басылым. Очерк, әңгіме, топтама өлеңдердің үтір-нүктесіне дейін астын сызып оқып алып, шағын хабарлар мен соңғы беттегі әзіл-сықақ қоржынын ақтарып шыққанша асығатынбыз.

Бір ғажабы, “Қазақстан пионері”, “Пионер” басылымдарына шыққан шағын мақала, бірер шумак өлең авторлары ескі таныстардай бір-бірін сырттай “танып”, өздерімен кездесіп көрмесе де, ағайындай іш тартып жүретін.

Кейін өзіміз есейе келе өдебиет деп аталатын ауылға бет алуға түрткі болған журналистік жазбаларымыз еді. Газет-журналдың қазанында қайнап шығу — өдебиеттің алғашқы баспалдағы...

“Лениншіл жастың” Қазақстанның батыс облыстарындағы тілшісі қызметінде жүріп, жылына екі-үш рет Алматыда редакцияда өтетін жиындарға келіп-кететінбіз.

Осындай бір редакциялық жиынға келгенімде Әнес Сараев, Серік Әбдірайымов,



повесі ғой деймін. Ауыл баласының психологиясы, мұғалім мен оқушының, ата-ана мен баланың қарым-қатынасы, Жанаттың қаламынан теңіз бойының құмды ауылында балалығымыз өткен бәріміздің басымыздан кешкен өміріміз қаз-қалпында, айна-қатесіз қылқалам шеберінің суретіндей өрнектеледі. Әлемдік проблемаға айналып бара жатқан еліміздің байлығы — Арал мен Балқаштың көзі суала бастаған құдықтай көз алдымызда тартылып бара жатқанын, баяғы тұяғынан жел ескен жәудір жанар жануар — киік тобының да бұл күнде көрі қойдың тісіндей сирегенін Жанат өз шығармаларында қарапайым тілмен нанымды да шебер суреттейді. Оқып отырып, қазақ жерінің күзгі селеудей оңып бара жатқанын, баяғы жал-жал толқындары жағаны ұрғылап жататын теңіздің де бас үйренген асаудай жуасыған келбетін елестетесің, жүрегің сыздап, мұңға батасын.

Әдебиет деген құдіреттің басты қасиеті де сол — не қайғыртып, не қуантып, адамның жан дүниесін бейжай қалдырмай, әйтеуір бір сезімдерге бөлейді.

Жанаттың әңгіме-хикаяттарының тілі де, оқиғасы да өте қарапайым, көдімігі өмірде күнде көріп жүрген жәйттер. Қарапайымдылық даналықтың белгісі деседі ғой.

ешкімнен жаман сөз естімей, үлкенге бауыр, жасқа аға болып жету де шүкіршілік сезіміне бөлейтін жай.

Менің Жанат бауырыма ерекше құрметпен, өзіме жақын тарта қарайтын себептерім бар.

Біріншіден, екеуіміз де теңіз жағалаған қазақы ауылда туып-өскенбіз. Екеуіміздің де шығармашылықтағы стихиямыз — теңіз. Ол Балқаштың бойында, мен Каспий теңізінің жағалауында балалығымызды қалдырыппыз.

Екіншіден, Жанаттың да, менің де туған ауылымыз “Қызылбалық” деп аталады.

Екеуіміздің де журналистік жолымызды ашқан алтын босағамыз — “Лениншіл жас” және ұстазымыз — Шерхан аға Мұртаза!

Менің кереметтей қадірлейтін жанрым — күнделік. Жарық дүниедегі әр күнін қайталанбас тарих қой. Көбіміз оған мән бере бермейміз. Жанаттың күнделік дәптерінен көңіліме қонған бір үзіндіні мен де күнделігіме түртіп қойыппын.

Әңгіме еліміз тәуелсіздік туын көтеруге ұмтылып жатқан тұстағы мемлекетіміздің “Социалистік Қазақстан” атанып келген бас газетіндегі лездеме жайлы:

“... Осы уақытта көп телефондардың бірі шар ете түсті. — Ало-о! Иә, Өзекке... Коллективті жинап, жаңалықты айтып отыр едім ғой... — Кенет Шерағанның дауысы өлгіндегіден гөрі қатқыл шықты. — Немене, бізді қайтарып жіберіп, өздеріңіз шеше салғансыздар ма?! Ендеше, девизін жанаңа өзгертіңіздер. “Азаттық” деген сөзді кіргізу керек. Бірде-бір сөзіміз өтпесе, неғып отырам. Отставкаға кетем!”

Енді газетіміз “Социалистік” деген анықтауыштан құтылып, “Егеменді Қазақстан” деп аталатын болды...”

Міне, күнделік жазбадағы осы кішкене үзіндіден бас редактор Шерхан, жоғарыдан телефон соққан Өзбекәлі ағамыз екені және Шерағанның бар болмысы қаз-қалпында көз алдына келе қалады. Журналистің шеберлігі деген осы.

Жалпы, жазушының көбі дерлік журналистік жазбалармен бастап, көркем прозаға сосын қадам басалды. Жазушы деген атаққа ілініп алғасын, олардың мені журналистік дүниелерді менсінбей ме, өйтеуір күнделікті өмір тынысына үн қосып отыруға жалқау. Ал Жанат “Қош бол, теңіз”, “Жазылмайтын жара”, “Жетім жұрт” секілді прозалық шығармалары арқылы оқырман жұртшылыққа танымал. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі болса да, журналистік қаламының сиясын кептірмей келеді.

“Лениншіл жас” (“Жас Алаш”), “Егемен Қазақстан” секілді сүйіп оқитын көп тиражды газеттердің күнде күйіп-жанып жататын бас штабын басқарып, секретариаттың қайнаған көрігінде қызмет атқара жүріп, өлі күнге дейін сонау 20 жастағы журналистік жалының, ізденістің, сәбидей сезімталдығын сол күйінде сақтағандай. Бұл — өте сирек қасиет. Періште көңілді, өзі қаршалайынан қалаған мамандыққа деген баяғы кіршіксіз адалдықты алпысқа келгенше шан түсірмей сақтап жүру тек шынайылықпен, тазалықпен қоректенген адамның маңдайына жазылуы мүмкін.

Алдында тұрғандарды итеріп тастап, көзге түсуге ұмтылатын, өйтеуір “жаксы” көрінуге тырысатын, қазақтың мұң-мұқтажын жалғыз өзі ғана ойлайтындай кейіп көрсететін жалған зиялылар көбейген кезде қандай жерде жүрсе де қанына сіңген қарапайым болмысынан ауытқып көрмеген, тұла бойынан нағыз қазақы тәрбиенің иісі аңқып тұратын халқымыздың біртуар азаматы Жанат Елшібекке:

— Шерхан ағамыз “алпыс деген — талтүс” атты қағиданы жиі айтады. Сол талтүсін құтты болсын. шығармаларыңнан шашыраған күн сәулесіндей шуақты ұшқындар сен сүйетін, сені сүйетін елдің ұрпақтарына жылу шапағатын шаша берсін! Жар сүйдің, отау тіктің, ортаңа қадірлі болдың, Фараби, Шоқан. Құралай. Алтынай секілді сүйкімді балаларыңды тәрбиеледің. Сенің де, немерелеріңнің де тілеу қоры Төлеуғайша апамыздай анаң бар. Адам баласы армандайтын Бакыт деген осы! Жаксы бала ананың құрсағынан кейді дана халық. Сенің бойыңдағы жақсы қасиеттің бөрі арқалы қобызшы Қайшыбай нағашының киесінен дарыған шығар. Өз қаламыңмен тәуелсіз еліміздің шаңырағын көтерістің, өлі де сол жолда еңбек етіп келесің. Халқыңмен бірге жаса, бауырым! — деймін.

Сәулелі нұрдың шуғылласы

Белгілі қаламгер, “Егемен Қазақстанның” жауапты хатшысы Жанат Елшібектің шығармашылығы төңірегінде бірер сөз

Фарица ОҒАРСЫНОВА,
Қазақстанның халық жазушысы.

Кәрібай Ахметбеков, Болат Бодаубаев, Кәдірбек Сегізбаев секілді соқталдай-соқталдай жігіттердің арасында талдырмаш денелі, қағылез келген, бұйра шашты, қалың көзілдірікті балаң жасты көргенім бар. Тұла бойына қарасаң, мектепті жаңа бітірген жасөспірімге ұқсайды. Ісіне, жүріс-тұрысына қарасаң, “Лениншіл жастың” өз адамы тәрізді. Редакциядағы әдеби қызметкерлер арасындағы жалғыз қыз Мағира Қожахметовадан:

— Мына бала кім? — деп сұрадым бірде.

— Апай, ол бала емес, “Лениншіл жастың” білдей қызметкері Жанат Елшібек деген жігіт, — деді көп сөйлеуге, не біреуді мақтауға құлқы жоқ Мағира. Оның бет-жүзінен ерекше сүйсінген сезімі көрініп тұрды.

— Ә-ө, Жанат екен ғой, — деп күбірледім, өуелден білетін адамымдай. Бұрынырақ “Қазақстан пионерінде”, соңғы жылдары “Лениншіл жаста” мақала, хабарлары жиі шығып жүретін таныс есім.

Ол жылдарда журналистердің ізденісі, ешкім айтпай-ақ өз бетінше оқып-үйренуге деген ықыласы ерекше болатын. Газет не журнал бетіне қалай болса, солай жазылған күлдібадам дүниемен шығу мүмкін емес. Оның үстіне “Лениншіл жастың” мектебі тіпті бөлек. Ол кезде пәленше көкесінің редакция басшысына телефон шалуымен емес, журналистің қаламынан туған үлкенді-кішілі хабар-мақалаларының мәні арқылы таланты бағаланып, жұмысқа іріктеліп қабылданады. Біздің тұсымызда Шерхан Мұртаза, кейін Сейдахмет Бердіқұлов ағаларымыз басқарған бұл газетте жұмыс істеу екінің бірінің қолы жете бермейтін биік тұғыр болып есептеледі және мұнда шеттерінен қазақтың әр аймағынан жиналған ығай мен сығайлар өздерін жалы күдірейген жазушыдан кембиз деп есептемейтін ылғи “сен тұр — мен атайын” жігіттер.

Міне, сол қазанға қайнап шыққан Жанат бауырымыз талантын еңбегімен шырдап, “Лениншіл жаста” кез келгенге құлдық ұра бермейтін, талантты тану жағына келгенде алдына жан салмайтын марқұм Сейдахмет ағаның қарауында аттай оншақты жыл қызмет істеп, күнде шығатын көлемді газет жұмысының қызығы мен шыңына өбден күйіп-пісе жүріп, қазақтың сөз өнері қазынасына да өз үлесін қосып келеді.

Сейдахмет аға алтыншы қабаттағы “Пионер” журналының редакциясында отыратын мені кейде өзінің жетінші қабаттағы бөлмесіне шақырып алатын. Қоғамдағы, комсомолдың орталық комитетіндегі болып жататын жаңалық, өзгерістерді айтып, кейде бір нәрсеге сүйсінсе балаша қуанып, жадырай рахаттанып, келенсіздіктер жайлы дымы қалмай ренжіп ақтарылатын.

Шіркін, ол жылдар да бір мамыражай кезең екен-ау... Қазір ондай әңгіме шертіп, пікір алысатын кісі де қалмапты: әркім өзімен-өзі, мұрнынан шаншылып жүрген біреу.

Бірде Сәкен екеуіміз өдеттегідей әңгіме соғып отыр едік, терілген бетті алып Жанат кірді.

— Мына Жанат — Елшібековті айтсам, “Социалистік Қазақстанға” қызметке шақыралы, іштей “барғым келіп еді” деп күбірлейді. Өзі іскер, газетті безендіруге келгенде, бүкіл редакцияда бұның алдына түсетін ешкім жоқ. Жібермедім, — деді Жанат қол қойғызып шығып кеткесін.

— Сіз “Қазақстан пионерінде” редактор болған кезіңізден мақалаларың, сөзжұмбақтарын құрғатпай жариялайтын өзіңіздің төл шәкіртіңіздің өскені жақсы емес пе, аға? “Социалистік Қазақстан” аға газет қой, — дей беріп ем, Сәкен риза сезіммен күлмсірей сөйледі:

— Дұрыс айтасын... Бөлім меңгерушілігіне, немесе жауапты хатшылыққа шақырса, сөз жоқ, жіберер едім. Ондағы тапжылмай сіресіп отырған көрі тарландардың арасында қолбала болып жүре ме деп ойлағаным ғой.

Қайран ағалардың айтқызыбай қамқорлап жүретін ақ ниеті-ай!..

Жанат ініміз газеттің қым-қуыт шаруаларының бел ортасында жүріп, шығармашылығын ұмытқан жоқ. Жастар баспасы “Жалынның” ол жылдары балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармаларға бөйге жариялайтын тамаша дәстүрі бар еді. Қазылар алқасының құрамында мен де бар болатымын. Сол бөйгенің бір жүлесіне осы Жанат Елшібекке ие болды. “Қош бол, теңіз...”